

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1267 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 6 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Астана қаласы» деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-52-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«21-52 «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ».

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне» деген бөлімде реттік нөмірі 282-1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«282-1 «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ.

3. «Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы № 1355 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 28, 311 - құжат) :

2-тармақтағы «және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» деген сөздер алынып тасталсын;

2-1 және 3-тармақтардың 2) тармақшалары алынып тасталсын.

4. «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 28, 377-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесінде:

«Ғарыштық қызмет» деген 9-бөлімнің 2-бағанындағы реттік нөмірі 71-жолда «және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

7. «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің «Телекоммуникация саласындағы техникалық сүйемелдеу және талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі № 362 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 21, 195-құжат):

кіріспедегі «ақпараттандыру және байланыс саласындағы» деген сөздер «байланыс саласындағы және ақпараттандыру, ақпарат салаларындағы» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес шекаралас мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында) радиожиіліктерді халықаралық үйлестіруді жүргізген кезде» деген сөздер «және азаматтық мақсаттағы жоғары жиілік құрылғыларды» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) тармақшадағы «болып белгіленсін.» деген сөздер «;» белгісімен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу мәселелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету болып белгіленсін.».

8. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың

аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:
«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде:
реттік нөмірі 49-жолдағы «және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі» деген сөздер алынып тасталсын.

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.